



Бастау

Қоғамдық-саяси апталық газет
1999 жылғы 28 маусымнан шыға бастады

Еженедельная общественно-политическая
газета. Издаётся с 28 июня 1999 года

№ 28 (923)

8 шілде 2016 жыл

Жұма

МӘЖЕЛІС



■ Шілденің бесі күні ауданымызға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Ө.Бектұрғанов іс-сапармен келіп қайтты. Өбдіманап Елікбайұлы «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша Үштөбе қаласында салынып жатқан 320 орындық балабақшаның құрылыс жұмыстарымен танысып,




ауданымыздың білім беру және денсаулық сақтау саласының қызметкерлерімен кездесу өткізді. Кездесу барысында Өбдіманап Елікбайұлы: білім беру жүйесін жаңғыртудың осы кезеңінің басты ерекшелігі – оқытудың принципті түрде жаңа сапасына қол жеткізуге баса мән беру екенін атап өтіп, түбегейлі жаңалық пен ауқымды бағыт «100 нақты қадам» – Ұлт жоспары аясында білім беру жүйесінде болатын алдағы өзгерістерге жан-жақты тоқталды. Сонымен қатар, халықтың денсаулығын жақсарту жолындағы тың бастамалар туралы да оралымды ой қозғады. Кездесу соңында депутат педагогтер мен дәрігерлерге денсаулық, бақыт және ел игілігі үшін жасап жатқан жұмыстарына табыстар тіледі.

■ «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдау кестесіне сәйкес аудандық әділет басқармасының басшысы Б.Қоғамов қабылдау жүргізіп, келген азаматтарға заң аясында кеңестер берді.

Бәрекелді!

ЖЕРЛЕСІМІЗ - ЭЛЕМ ЧЕМПИОНЫ

Бастөбе сервистік-техникалық колледжінің студенті **Дмитрий Чебанов** маусым айының 21-24 аралығында Америка Құрама Штатының Киллен қаласында өткен пауэрлифтингтен жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында үш әлемдік рекорд орнатып жеңімпаз атанды. Елімізді әлемге танытқан жерлесімізді жеңісімен құттықтай отырып, алдағы уақытта алар асулары көп болсын деген тілек білдіреміз.



Астана күні – елдігімізді ұлықтайтын ерекше мереке. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев: «Астана-отанымыздың жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі»-деп атап көрсетті. Ол ұлан-ғайыр еліміздің бас қаласы, әлем таныған жас қала.

АСТАНА КҮНІ ТОЙЛАНДЫ

Елбасымыздың Астана орнын Арқа төсінен таңдауы кездейсоқтық емес, тарихты болжап, болашақты түйген көрегендік. 1996 жылы Ақмола қаласын астана жасаймыз дегенде қоғамның басым бөлігі күмәнмен қарады. Алайда, тәуелсіз Қазақстан жаңа да жас қала Астананың атын бүкіл әлемге паш етті. Бүгінгі таңда Астана-сәулеті келіскен алып шаһар.

Астана күні аудан орталығындағы қалалық саябақта өзіндік салтанатпен аталып өтті. Мерекеге жиналған қауымды Қаратал ауданының әкімі Қайрат Бисембаев құттықтады.

-Құрметті үштөбеліктер мен қала қонақтары, сіздерді халқымыздың мақтанышы, Елбасымыздың қажырлы еңбегінің жемісі – Елордамыз Астана күнінің 18 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын. Астана мерекесі биылғы жылғы Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. Тәуелсіздігіміздің аспанында көк байрағымыз биіктен желбіреп, елімізге нұрын шаша берсін. Баршаңызды Астана күнімен құттықтаймын, Отанымыз гүлдене берсін, береке-бірлік болсын,-деп тілек білдірді өңір басшысы. Мұнан кейін аудан эконо-микасы мен әлеуметтік саласының өсіп өркендеуіне зор үлес қосқан азаматтар легінің бір шоғырына аудан әкімінің ұсынысымен және аудандық мәслихаттың шешімімен «Қаратал ауданының құрметті азаматы» атағы берілді. Олар: Жақсыбаев Болат Қадірсізұлы, Истыбаева Күлзада Көбесқызы, Те Фло-ра Васильевна, Иманғалиева Сағира Таңатарқызы, Мұрзабаева Бархыт Оразбекқызы, Дәркенбаева Сарқыт Сәрсенқұлқызы, Сүлейменова Күлия Биболқызы.



Астана күні мерекесіне орай өнегелі құндылықтарды жаңғыртуға және отбасының жағымды үлгісін таратуға, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталып, 2014 жылдан бері өткізіліп келе жатқан «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы биыл да Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы аясында ауданымызда және облыс орталығы Талдықорған қаласында жоғары деңгейде ұйымдастырылып өткізілді. Елбасының өзі басты назарда ұстап отырған «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының биылғы аудан жеңімпаздары Әбеновтар отбасы,Пак, Қарашевтар, Теньковтар отбасыларына аудан әкімінің алғыс хаттары табысталды.

Ендігі кезекте әлем чемпионатында жеңімпаз атанған Дмитрий Чебановқа аудан әкімінің алғыс хаты мен ақшалай сыйлық тапсырылды. Сонымен қатар салтанат барысында Косенков атындағы «Нұр Отан» БПҰ жаңадан қабылданған азаматтарға партия билеттері табысталды.



Ендігі кезекте Астана күнімен баршамызды құттықтау үшін Сеул қаласынан арнайы іс-сапармен келген студенттердің делегация жетекшісі, тарих ғылымдарының докторы, профессоры И Че Сок, аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Тұрсын Оспанов, Астананың құрдасы, биылғы жылы ерекше үлгідегі аттестатпен мектеп бітіріп отырған Қадыс Ажар сахна төріне көтеріліп, сөз сөйледі. Астана күніне арналған кеш үлкен мерекелік концертпен жалғасты.

Астана күніне арналған шарада саябақтың спорт алаңдарында әртүрлі спорттық жарыстар өткізілді. Тоғыз-құмалақ, волейбол, шағынфутбол түрлері бойынша спортшылар өзара бақ сынасты.

С.СӘРСЕНҚҰЛҚЫЗЫ



Третьего июля 2016 года исполнилось 75 лет со дня образования войсковой части 55078. Торжества по случаю празднования юбилея прошли в районном Доме культуры, где собрались военнослужащие, ветераны, многочисленные гости.

ЮБИЛЕЙ ЧАСТИ

Первым на трибуну поднялся командир части полковник М. Байсеитов, который рассказал об истории становления славных традиций и достижениях войсковой части. Как следовало из доклада, войсковая часть 55078 была сформирована 3 июля 1941 года по штату простого авиационного склада боеприпасов Военно-воздушных сил в подчинении 73-й Воздушной Армии Вооруженных Сил СССР. В годы Великой Отечественной войны и не менее тяжелые послевоенные годы склад обеспечивал авиационные части, несущие боевое дежурство на южных рубежах нашей Родины. В связи с реорганизацией Краснознаменного Туркестанского Военного округа на основании директивы Главного Штаба Вооруженных Сил СССР от 22 июля 1969 года войсковая часть 55078 была передана в подчинение 73-й воздушной армии Среднеазиатского Военного округа, а в 1970 году она была передислоцирована в Каратальский район Талдыкорганской области КазССР в 8 километрах севернее города Уштобе, где и находится по настоящее время. «С той поры минуло 75 лет. За это время многое изменилось, на смену прошлому поколению пришло новое. Сегодня я хочу выразить слова огромной благодарности присутствующим здесь нашим ветеранам, которые в тяжелое для страны время не падали духом, служили и стояли у истоков становления современной армии, сохраняя и передавая боевые традиции молодежи», - сказал Мади Нуралиевич. В завершении выступления, он тепло поздравил всех присутствующих с юбилеем, пожелал мирного неба, здоровья и успехов во всех начинаниях.

Затем, со словами приветствия выступили: заместитель акима Каратальского района Асхат Калиаскаров, ветеран

ВС РК полковник запаса Сейтжан Мендекеев, долгое время возглавлявший данную часть, Халық Қаһарманы майор Азамат Жумадилов и прибывшие на праздник командиры войсковых частей, среди которых и полковник Серик Ескалиев, много лет прора-



ботавший командиром войсковой части-юбилера. В ходе торжества был озвучен приказ о поощрении личного состава части в честь празднования 75 годовщины



войсковой части 55078, согласно которому военнослужащим была объявлена благодарность, вручены Почетные грамоты, ценные подарки, было присвоено очередное воинское звание.

Затем, юбилейная медаль „75 лет войсковой части 55078“, была вручена заслуженным военнослужащим личного состава части, ветеранам ВС РК и ряду почетных гостей. Так, высокой награды были удостоены подполковник Фокин Д.Б., подполковник Есимбекова Р.И., подполковник Решетников И.Н., майор Нугушев Н.П., майор Курбанов К.К., майор Омаркулов Д.С., майор Сергазин М.С., майор Кошкинбаев С.К., капитан Маутов Ж.С., капитан Жакипбеков Е.Л.; ветераны С.Мендекеев, В.Буланов, Е.Шмаков, В.Дубровский, В.Старов, Н.Биболонов и многие другие. Завершилось мероприятие яркой концертной программой.

Саркыт ДАРКЕНБАЕВА

АСТАНА АТЫН АСҚАҚТАТҚАН...

«Тәуелсіз елдің жүрегі сенсің, Астана!», «Астана - татулық пен бірліктің ордасы», «Арайлы таңдай сұлу Астана!...Ия, Астанаға қандай теңеу айтсаң да жарасып-ақ кетеді.

Биыл Арқа төсінде бой көтерген, еліміздің жүрегіне айналған Астанамыздың 18 жасқа толған туған күні еліміздің түкпір-түкпірінде ерекше салтанатпен тойлануда. Біздің қараталдықтар да айтулы шарадан тыс қалмады. Астана күні мерекесі қарсаңында аудандық әкімдіктің кіші мәжіліс залында мемлекеттік қызметшілерді аудан әкімі Қайрат Бисембаев мерекелен құттықтап, жүрекжарды лебізін білдірді. Өз құттықтау сөзінде өңір басшысы Қайрат Өшірәліұлы: «Біз бүгін мемлекетіміздің символы, асқақ абыройымыздың айғағы болған Астанамыздың мерейлі тойына орай жиналып отырмыз.

Ескелді ауылындағы мереке



Астананың 18 жылдығы – ел өміріндегі аса ірі тарихи оқиға, Қазақстан халқының мерейлі мерекесі.

Біз ғасырлар тоғысқанда тәуелсіз жаңа мемлекет орнатып, байтақ еліміздің дәл ортасынан бас қаламыз – Астананы салдық.Бүгінде әлемдік қауымдастық үшін Қазақстан мен Астана атаулары егіз ұғымға айналып кетті.Бұл ұғым қарыштап даму мен өрісті өркендеудің өнегелі үлгісі ретінде орнықты. Біздер, қазақстандықтар, Астананы асқақтату арқылы дүние жүзінде өзімізді –келешегі кемел, әлеуеті қуатты мемлекет екенімізді таныттық, ендеше болашақта да тәуелсіздігіміздің тұмарындай болған Астанамыздың қарыштап дами беруіне үлесімізді қоса берейік», - деді.

Мерекеге орай, қала, ауылдық округтерде, мекемелерде арнайы жиындар өтіп, жемісті еңбек еткен бірқатар азаматтар марапатталды.

Астана күні қарсаңында аудан орталығындағы күрделі жөндеуден өткен Д.А.Қонаев атындағы даңғылы мен Исаев көшесі ресми түрде қолданысқа берілді. Заманауи талаптарға сай жасалған аталмыш жолдар өңір халқына ерекше қуаныш сыйлады.

Ауыл шаруашылығы егін саласындағы жұмыстарды субсидиялаудың 2015 жылға арналған ведомствоаралық комиссиясын құру туралы 2015 жылғы 08 маусымдағы № 06/05 шешіміне өзгеріс енгізу туралы аудан әкімі Қ. Бисембаевтың шешімі

Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» Заңының 65-бабы 3-тармағына сәйкес комиссия құрамындағы Артықбалас Саят Қалмұхамбетұлы шығарылып, комиссия құрамына Исағалиев Нұрлан Исағалиұлы және Тайсеріков Талғат Аңсағанұлы ведомствоаралық комиссия құрамына енгізілсін.

2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығы негізінде бюджеттік субсидиялауды жүзеге асыру мақсатында аудан әкімдігі

ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Қаратал ауданы аумағында ауыл шаруашылық саласында 2016 жылға субсидияларды төлеу үшін ауыл шаруашылық тауар өндірушілердің өтінімдерінің сәйкестігін тексеру және дайындау үшін ведомствоаралық комиссия келесі құ-

рамда құрылсын:

Тасыбаев Жәнібек Шоғалұлы - аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы; Байғабылов Қанат Әмірханұлы - ауданның ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы, комиссия төрағасының орынбасары;

Далдыбаева Маржан Бауыржанқызы - ауданның ауыл шаруашылығы бөлімінің инспекторы, комиссия хатшысы;

Комиссия мүшелері: Қосжанов Сабыр Сейдахметұлы - аудандық жер қатынастар бөлімінің басшысы;

Исағалиев Нұрлан Исағалиұлы - ҚР АШМ АӨК МИК аудандық аумақтық инспекциясының басшысы (келісім бойынша);

Құсаинов Марат Жақанұлы - Қаратал ауданы бойынша өңірлік кәсіпкерлер па-

Аптаның дүйсенбісінде аудандық әкімдігінің кіші мәжіліс залында аудан әкімінің орынбасары Күлпаш Байтаеваның төрағалығымен Қаратал ауданы әкімдігі жанындағы консультативтік-кеңесші органының II тоқсанға арналған отырысы болып өтті.

КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ БОЛЫП ӨТТІ

Күн тәртібінде төмендегі мәселелер қаралды: «Бас бостандығынан айыру орындарынан келгендерді тіркеуге алып, денсаулығына медициналық көмектерін көрсету туралы» және «Жұмыспен қамту бөліміне тұрғылықты мекенжайы бойынша тіркеуге алынған бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың тізімін жіберуді қамтамасыз ету». Бірінші мәселе бойынша аудандық орталық аурухананың бас дәрігері Б.Құмаров баяндама жасады. Біржан Асқарұлының айтуынша, бұл мәселе бойынша барлық тиісті шаралар атқарылуда. Заңнамаларға сәйкес 65 тұлға медициналық тексеруден (флюорография, микро-реакция, ЖИТС (ВИЧ), жалпы жан зерттеу т.б) өтіп, қажетті көмек көрсетілді. Күн тәртібіндегі

екінші мәселе бойынша аудандық пробация қызметінің бастығы, әділет капитаны Бақыт Тлеболдинов сөз сөйлеп, комиссия мүшелеріне қаралып отырған мәселе бойынша ақпарат берді. Сонымен қатар аудандық пробация қызметі бөлімінде есепте тұрған сот үкімі бойынша шартты түрде сотталған және бас бостандығынан шектеу пробациялық бақылау орнатылған сотталғандарға заңнамаларға сәйкес білім алуға мамандықты меңгеруге, жұмысқа орналасуға, емделуге, құқықтық көмекпен қамтамасыз етуге көмек көрсетулерін сұрады. Комиссия отырысында қаралған мәселелер қызу талқыланып, тиісті шешім қабылданды.

С. СӨРСЕНҚҰЛҚЫЗЫ.

СЕНОВАЛ - КАК ОБЪЕКТ ПОЖАРА

С июля по октябрь месяцы - это время сенокоса. В это время население заготавливает корма на зимний период. И именно в это время пожары часто возникают в местах хранения грубых кормов и сена.

Необходимо отметить, что вопреки правилам сено чаще всего хранится в подворьях жилых домов и построек, следовательно, всегда есть опасность перехода пожара на близлежащие здания. Иными словами, человек сам своей невнимательностью и халатным отношением подвергает себя и своих близких опасности и уничтожает в огне собственное имущество. А заготовка грубых кормов – это изнурительная, трудоемкая работа в поле, требующая больших усилий и терпения – и все плоды труда в одно мгновение могут быть уничтожены в пламени огня. В материальном плане, конечно же, также отмечаются большие потери. Поэтому необходимо соблюдать элементарные правила хранения кормов и сена. Стог сена должен находиться вдали от электролиний, автодороги, зданий и сооружений. Хранить сено в подворье запрещено. Вокруг стога должна быть вспахана противопожарная полоса. Естественно, нельзя допускать детей к сеновалам, ведь детская шалость с огнем – одна из причин возникновения пожаров. При пожаре необходимо сообщить по тел. 101, при этом постараться принять меры по тушению пожара подручными средствами.

М.СМАГУЛОВ, инженер ОЧС



латасының филиалы өкілі (келісім бойынша);

Биболова Жамила Қабдолдақызы - ауданның ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы;

Мұсабеков Бауыржан Иманбекұлы - ауданның ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы;

Тайсеріков Талғат Аңсағанұлы - ауданның ауыл шаруашылығы бас маманы; Қала және ауыл округ әкімдері.

Ведомствоаралық комиссиясының жұмыс органы болып аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі бекітілсін.

2. Ведомствоаралық комиссияның жұмыс органы ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерден құжаттар қабылдаудың мерзімін және басқа да қажетті мәліметтерді көрсете отырып, ведомствоаралық комиссияның жұмыс істеу тәртібін «Қаратал» (А.Өмірбаев) және «Бастау» (С. Дәркенбаева) басылымдарына жариялауды қамтамасыз етілуі ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж. Тасыбаевқа жүктелсін.

Объявления и реклама в газете «Бастау» - ВАШ УСПЕХ.
Тел. редакции 2-10-71, 2-17-88

ХАБАРЛАНДЫРУ

2016 жылдың 28-шілдесінде сағат 15:00-де Үштөбе қаласы Железнодорожная көшесіндегі «Идигова» ЖК ғимаратында өтетін Қаратал ауданы Үштөбе станциясында орналасқан көмір қоймасының қоршаған ортаны қорғау жоспарының тыңдалуына қызығушылық білдіргендердің барлығын қатысуға шақырамыз.

Тел. 8(72834) 3-20-61.
эл.адрес: Ridigov@mail.ru.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

28 июля 2016 года в г. Уштобе в здании ИП «Идиговой» по адресу ул. Железнодорожная будет проводиться общественные слушания по плану мероприятий по охране окружающей среды, склада угля на ст.Уштобе Каратальского района. На слушание приглашаются все заинтересованные лица.

Тел. 8(72834) 3-20-61.
эл.адрес: Ridigov@mail.ru.



Өткен аптаның бейсенбісінде аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында Қаратал ауданы әкімінің жанындағы терроризмге қарсы комиссияның II тоқсанға арналған отырысы болып өтті.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ - ТЕРРОРИЗМ МӘСЕЛЕСІ

Аудан әкімінің орынбасары Ж.Тасыбаевтың төрағалығымен өткен отырысқа комиссия мүшелері, аудан прокуроры, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің өкілі, қала, ауылдық округ әкімдері және бұқаралық ақпарат құралдары қатысты. Жиынның күн

басшысы Назкен Игенбаев жан-жақты баяндап, жиналғандарға мағлұмат беріп өтті. Қатысушылар тарапынан баяндамашыларға салмақты сауалдар қойылып, ұтымды жауаптар берілді. Сонымен қатар, отырыс барысында аудандық білім



тәртібінде: «Жастар мен радикал-дық идеологияға бейімді азаматтар арасында ағарту ісінің жүзеге асырылуы туралы», «Терроризм мен діни экстремизмнің алдын алу шараларын ауылдық округтердегі ақпараттық насихаттау топтары-мен жүзеге асырылуы туралы» мәселелер қаралды. Бірінші мәселе бойынша аудандық жастар ресурстық орталығының жетекшісі Еркебулан Накипов баяндама жасады. Күн тәртібінде көтерілген «Терроризм мен діни экстремизмнің алдын алу шараларын ауылдық округтердегі ақпараттық насихаттау топтарымен жүзеге асырылуы туралы» аудандық ішкі саясат бөлімінің

бөлімінің әдіскері Марал Уалиева мен Ескелді ауылдық округінің әкімі - Рүстем Бекбосыновтар жарыссөзге шығып, оралымды ойларын, тың ұсыныстарын ортаға салды. Аудандық терроризмге қарсы комиссияның шешімі қабылданды. Жәнібек Шоғалұлы: «Ел-басымыздың өз Жолдауында атап көрсеткеніндей: «Біздің мақсатымыз – елі бақытты, жері гүлденген қасиетті Отанымыз Қазақстанды «Мәңгілік Ел» ету! Осы мақсатқа жету үшін алдағы уақытта да аянбай жұмыс жасап, Елбасының саясатын қолдап, алға қарыштап қадам баса берейік»- дей келіп жиынды қорытындылады.

Л. ЖАНБОТА

Малый и средний бизнес

В Каратальском районе есть немало швейных предприятий, которые на протяжении многих лет оказывают населению свои услуги. Недавно, к ним добавилось еще одно, принадлежащее местной жительнице Жумабале Оразалиевой.

Слабое здоровье – делу не помеха

Трудовая деятельность нашей землячки берет начало с 1973 года, после окончания Джамбульского технологического института легкой промышленности. Первым местом, где молодой специалист проявила свои способности была славящаяся тогда на всю страну швейная фабрика «Восход», находившаяся в городе Чимкенте. В должности инженера – технолога Жумабала Бидихметовна проработала там около 10 лет. Затем, она поочередно возглавляла несколько домов быта в Аксуском районе. А в начале 90 – х годов, она открыла собственное ателье в талдықорганском художественном лицее и одновременно стала преподавать швейное дело учащимся этого учреждения. Позже, она достойно трудилась в ТОО «Камкор» города Уштобе. Судьба не раз испытывала нашу героиню на прочность. В молодости, она потеряла сначала ребенка, следом мужа. Но, несмотря на горечь утраты, женщина нашла в себе силы, чтобы жить дальше и поставить на ноги оставшихся четверых малолетних детей. После выхода на пенсию, привыкшая всю жизнь трудиться Жумабала Бидихметовна не могла долго оставаться не у дел. И вскоре, с ее участием в Каратальском районе был открыт филиал швейной

фабрики «Ажар», где она проработала мастером еще несколько лет. Потом, из-за ухудшения здоровья ей пришлось оставить эту работу. После этого она получила третью группу инвалидности, но расстаться навсегда с любимым занятием так и не смогла.

В начале текущего года, при одном из уштобинских торговых домов Жумабала Оразалиева основала ателье «Қарақат». И хоть болезнь значительно не сказалась на зрении, на качестве услуг, благодаря полученным навыкам и богатому опыту это нисколько не отражается. По словам Жумабалы тате, шитьем она занимается с раннего детства, которое пришлось на тяжелые послевоенные годы. Так как ни игрушек, ни одежды хорошей тогда не было, еще до школы она стала шить себе куклы, братьям шаровары из попадавших под руку лоскутов. На первых порах, ее мама Нурбану Уалиева очень сердилась на девочку за то, что та не отходила от имевшейся в доме швейной машинки и частенько при этом ломала иглы. Доходило даже до того, что взрослые прятали столь ценную вещь, но малышка при помощи братьев легко находила ее и снова



бралась за свое. А уже с шестого класса увлечению юной Жумабалы никто не препятствовал и машинка для шитья была в ее полном распоряжении. Распарывая старые платья, блузки, брюки, халаты, девочка смотрела как они были скроены и сшиты и затем, копировала все уже на новом материале.

В настоящее время, на своем небольшом предприятии предприниматель занимается пошивом, ремонтом и реставрацией одежды, а также одеял, корпешек и других предметов, используемых в быту. Большую помощь в этом, ей оказывает старшая дочь Асем, которая всецело переняла от матери секреты мастерства и даже удачно вносит что – то свое, благоприятно сказывающееся на развитии производства. Число клиентов здесь с каждым днем только увеличивается, так как принцип работы главным образом заключается в том, чтобы доставлять радость каждому обратившемуся сюда человеку. При чем, если заказчики из малообеспеченных, многодетных семей или с ограничениями в здоровье, то мастера всегда охотно идут им навстречу, предоставляя существенные скидки.

В ходе беседы, Жумабала Оразалиева подчеркнула, что избранное дело, наряду со многими другими, всегда будет оставаться крайне востребованным. А когда есть польза от затрачиваемых усилий, работать хочется с еще большей отдачей. Также, она отметила важность сохранности и преумножения культурного наследия, доставшегося от далеких предков. В будущем, предприниматель намерена заняться расширением производства и создать дополнительные рабочие места для тех, кому по душе обозначенное ремесло.

Н. ИВАНОВА

ҚҰРМЕТТІ ҚАРАТАЛ АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Сіздерді 2016 жылы 12 шілдеде сағат 11:00-де мүлкті жария ету бойынша «Ашық есік күніне» Қаратал аудандық қаржы бөліміне шақырамыз.

Барлық сурақтар бойынша 2-23-35; 2-10-89 телефондарына хабарласуларыңызды сұраймыз.

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ КАРАТАЛЬСКОГО РАЙОНА!

Приглашаем Вас на «День открытых дверей» 12.07.2016 г. в 11:00 часов по вопросам легализации имущества в Каратальский районный финансовый отдел!

По всем вопросам обращаться по тел: 2-23-35; 2-10-89.

Содержание ребенка – закрепленная законом обязанность родителей, при этом абсолютно не важно, состоят ли родители в браке, в гражданском браке или находятся в разводе. Дети, находящиеся под опекой, попечительством или патронатным воспитанием, а также усыновленные дети также имеют право на алименты.

ПЛАТИ АЛИМЕНТЫ ВОВРЕМЯ!

В соответствии с пунктом 2 статьи 27 Конституции Республики Казахстан – забота о детях и их воспитание являются естественным правом и обязанностью родителей.

Кодексом Республики «О браке (супружестве) и семье» установлена обязанность родителей содержать своих несовершеннолетних детей, при этом порядок и форма предоставления такого содержания определяются родителями самостоятельно.

Так, согласно нормам действующего законодательства содержание детей может производиться как путем заключения соглашения между родителями, так и в судебном порядке на основании исполнительного листа.

Алименты должны выплачиваться ежемесячно в размере:

- на одного ребенка - одной четверти (1/4) от заработка и/или иного дохода родителей;
- на двух детей - одной трети (1/3) от заработка и/или иного дохода родителей;
- на трех и более детей – половины (1/2) заработка и/или иного дохода родителей.

По статистике, **каждый третий плательщик** алиментов отказывается выполнять свои обязательства, полагая, что родитель, осуществляющий в одиночку воспитание ребенка, не сможет ничего предпринять для того, чтобы получить установленные законом средства на его содержание.

Информация о внесенных изменениях в Закон «Об архитектурной градостроительной и строительной деятельности в Республике Казахстан» по вопросам приемки объектов в эксплуатацию.

НОВОЕ В ЗАКОНЕ

Согласно ранее действующим нормам Закона «Об архитектурной градостроительной и строительной деятельности в Республике Казахстан» (далее – Закон), объекты вводились в эксплуатацию приемочной, рабочей и государственной приемочной комиссиями, которые, в свою очередь, подписывались соответствующими заинтересованными государственными органами, заказчиком, генподрядчиком.

С 1 января 2016 года отсутствуют такие понятия, как рабочая, приемочная, государственная

приемочная комиссии, а процесс приемки объекта в эксплуатацию осуществляется таким образом, что принимающей стороной будут выступать только лица, непосредственно участвующие в строительстве объекта, а именно заказчик, подрядчик, технический и авторский надзоры. При этом акт приемки построенного объекта утверждается заказчиком при соблюдении следующих условий:

- подрядчиком по окончании строительства представляется заказчику декларация о готовности объекта к приемке в эксплуатацию;
- техническим надзором представляется заключение о качестве строительно-монтажных работ;
- авторским надзором представляется заключение о соответствии выполненных работ утвержденному проекту.

В случае приемки объекта в эксплуатацию с нарушениями и строительными недоделками



по ст. 669 КоАП РК к административной ответственности привлечено 4 должника, и были подвергнуты к административному взысканию в виде ареста.

Национальным законодательством усилена **уголовная ответственность** к злостным должникам по алиментам.

В частности, статьей 139 Уголовного Кодекса Республики Казахстан предусмотрено, что за неисполнение обязанностей более трех месяцев родителем по уплате средств по решению суда на содержание несовершеннолетних детей, а равно нетрудоспособных детей, достигших восемнадцатилетнего возраста, **наказывается ограничение свободы на срок до двух лет либо лишение свободы на тот же срок.**

В этой связи, родителям - должникам следует не усугублять свое положение и в кратчайшее время принять меры к погашению задолженности по алиментам и его ежемесячной выплате.

М. АБДЫКАЖИМ,

прокурор прокуратуры Каратальского района

Тәуелсіздік шежіресі (Тарихи хронология)

РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚҰРСАУЫНДА



«1824 жылы Ресей үкіметі «Орынбор қырғыздары» туралы Жарғы қабылдады. Ол Орынбор генерал-губернаторы П.Эссенің басшылығымен жасалды. Кіші жүзде хандық билік жойылды. Оны басқару Орынбордағы Шекаралық комиссиясы арқылы жүзеге асырылды. Жарғы бойынша Кіші жүз үш бөлікке бөлінді: Батыс, Орта және Шығыс. Оларды Орынбор губернаторы тағайындайтын сұлтандар басқаратын болды. 1824 жылы тамызда П.К.Эссенің бұйрығымен Батыс бөлікке Қаратай Нұралыұлы, Орта бөлікке Темір Ерәліұлы, Шығыс бөлікке Жұма Құдаймендіұлы билеуші сұлтандар болып тағайындалды. Аға сұлтан – хандық институты жойғаннан кейін Ресей үкіметінің қазақ даласын отарлауды одан әрі тереңдету мақсатымен құрған әкімшілік-аумақтық округты басқарушының лауазымы. Округты формальді түрде аға сұлтан басқарды. Оның басты міндеттері Ресей билігін жүзеге асыру, алым-салық жинау, сауда көруендерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, «бүлікшілерді» басу т.б. Үш жылдан кейін ақсукең аға сұлтанға «Ресей армиясының майоры» шені, ал 12 жылдан кейін «дворяндық» атақ берілді. Қарадан шыққандары «кіші офицерлік хорунжий» шенімен шектелді. Бұл атаққа Құнанбай Өскенбайұлы ие болды. Аға сұлтандарды болыстар сайлаған, ал болыстар елубасылардың дауыс басымдығымен тағайындалған. Елубасы-елу үйдің атынан сөйлейтін ықпалы мықты адам. Болыс басшылығында болыс сұлтаны тұрды, олар округтік приказға бағынса, ауылды старшын басқарды. Старшындарды үш жылда бір рет ауыл тұрғындары сайлап, оны округтік приказ бекітті. Болыстар сұлтанға бағынды. Аға сұлтандарға жылына 1200 сом, тілмаштарға 800 сом, болыс сұлтандарына 150 сом ақша төленді. Аға сұлтан сайлауына өздеріне қолайлы үміткерді өткізу үшін орыс әкімшілігі ықпал жасап отырды. Жаңа әкімшілік бөлініс қазақтардың дәстүрлі жер қатынасын күйретті де, рулық қауым құлдырады. Оған аға сұлтандарға, болыстарға, тілмаштарға, қазақтарға түрлі көлемде жер бөліп беру де әсер етті. Жарғыда «Басқару тек Шыңғыс ұрпақтарына тиесілі» деп бекітілсе де қалың бұқарадан іскер азаматтар шыға білді. Соның ішінде Шоң Едігеұлы Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтаны алпыс жыл билікте отырған өте беделді елдің бірлігін сақтаған тұлға ретінде тарихта аты қалды. Ол өлгеннен кейін округке аға сұлтандыққа қара қазақ өкілдерін батыл сайлай бастады. 1854 жылы отаршылдық билікті одан сайын күшейту мақсатында І Николай патшаның жаңа реформасына сай округ тарап, аға сұлтан лауазымы жойылды. Аға сұлтан ұрпақтары 1867 – 68 жылдары реформа бойынша біршама жеңілдіктерге ие болған.

(Рашид Оразов, Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері) «Орынбор шекара комиссиясының төрағасы Г.Ф.Генс Бөкей ордасын орыстандыру бағдарламасы (ханның іс қағазын жүргізу үшін орыс кеңсесін құру, қазақтардың орысқа бой ұйретуі үшін жәрмеңке, сауда-саттық, банк, пошта қатынасын орнату, орыс тілін орнықтыру үшін училище ашу, дәрігерлік шаралар жүргізу) Орынбор әкімшілігінің аузымен, Жәңгірдің қолымен істелді» (Өнес Сарай, жазушы). «XIX ғасырдың 40 жылдары Британ тәжі мен Ресей патшалығы Азияны құпия түрде бөліп, Памирдің оңтүстік сілемдерін Британия, ал оның барлық солтүстік бөлігін, атап айтқанда Орта Азия мен Қазақстанның барлық аумағын Ресей империясы күшпен тартып алады. Мұны аса көрнекті тарихшы Н.Г.Аполлованың «жерлерді бейбітшілік жолмен басып алуға» бағытталған Ресей патшалығының ірі агрессиясы» деп атап көрсетті. (Б.Аяған, тарих ғ. докторы).

Жексенбек СҰЛТАНБЕКОВ

участники приемки объекта в эксплуатацию несут административную и уголовную ответственность, установленную законами Республики Казахстан.

Из указанного следует, что с 1 января 2016 года государственные органы, в том числе Управление архитектуры и градостроительства, государственного архитектурно-строительного контроля, противопожарные службы, санитарно-эпидемиологические службы и другие заинтересованные службы, не будут непосредственно участвовать в процессе приемки построенных объектов в эксплуатацию.

Государственный архитектурно-строительный контроль будет осуществляться путем контроля деятельности лиц, осуществляющих технический надзор, а также по обращениям сторон о нарушениях в ходе строительства.

Б. БАЙБУЛАТОВ,
руководитель ГУ «Отдел архитектуры и градостроительства»

Жерлеу салты ЖОҚТАУ ДӘСТҮРІ

Қазақтың «торқалы өлімінде» ерекшеленіп шоқтығы биік тұратын көне салт – жоқтау айту. Жоқтау, тұлдау, аза кылу сияқты өте көне салт. Жоқтау ер азаматтың ерлігін, жақсылығын дәріптеуге, кейінгі ұрпақ есінде мәңгілік атын қалдыруға қызмет еткен. Осындай себеппен ұлы Абай бірнеше жоқтау өлең жазған. Жоқтау өлең неғұрлым мән-мағыналы, ұйқасы үйлесімді болса халыққа кең тарап, ер есімі ұзақ сақталған.

Жоқтауды өлеңмен тек әйелдер айтады. Қайтыс болған кісінің қаралы жесірі, қыздары, келіндері жыл өткенше таңертең және кешке екі рет дауыс кылған. Әсіресе көпшілік жиындарда үші, жетісі, қырқы мен асында олар барынша нәшіне келтіріп айтады. Өз жанынан өлең шығара алмайтын әйелдер ел арасындағы ақындарға шығартып алып, жаттап айтады.

Әзірлеген Ж. СҰЛТАНБЕКОВ

Поздравляем!

Дорогая и любимая наша **Хаджу!** Поздравляем тебя с днем рождения! Ты красива и стройна, Очаровательна, мила. У тебя суперпоходка, С днем рождения, красота! Всех собой ты восхищай, Горя никогда не знай. Улыбайся и шути, Не печалься, не грусти. Пусть в твоей душе живет Только счастье круглый год.

с/п: семья Гуржо-оглы и любимая подруга.



Гуржо-оглы Хаджу поздравляем с днем рождения! Наша милая, родная, С юбилеем, дорогая! Поздравляем мы тебя, И желаем мы любя: В жизни пусть будет везение, На работе – лишь терпение. Ангел пусть не покидает, И от бед оберегает. Счастье пусть рекою льется, Сердце – радостью забьется. Пусть заветные мечты, Все свои исполнишь ты! С поздравлениями: бригада луководов.



Облыстық спартакиада

Өткен демалыс күндері Талдықорған қаласында Тәуелсіздігіміздің 25-жылдық мерекесіне арналған еңбек ардагерлері арасында Алматы облысының 4-ші жазғы спартакиадасы жалауын көтерді. Жетісудың барлық өңірінен келген үміткерлер жас ерекшеліктеріне қарай спорттың 13 түрінен бәсекеге түсті. Қаратал ауданының намысын жыртықан ардагер спортшылар айды аспаннан шығарып, командалық есепте, бұрын-соңды қол жеткізбеген 3-орынды еншіледі.

АРДАГЕР СПОРТШЫЛАР СЫНЫ

Аудандық спорт және денешынықтыру бөлімінің басшысы Б.Берлінбаевтың жетекшілігімен жүргізілген жасақтау жұмыстары өз жемісін беріп, командалық туған жерге абыроймен оралды. Таратып айтар болсақ, құрамында Мұхтар Бүкісбаев, Бейсенбай Алтынхан, Асқар Аринов және Виктор Юн бар стритбол тобы, ақтық сында, кезінде еліміздің шеберлер командасында бақ сынаған Қапшағай қаласының атағы жер жарған бойшаң жігіттеріне жол беріп, 2-ші орынға тұрақтады. Сапында Зағиға Ошақбаева, Гүлшат Салтакова, Рысты Дүйсенбаева бар қыздар құрамасы да өрнекті ойын үлгісін көрсетіп 5-ші орынға табан тіреді. Көркітілеріміз жартылай финалда шырайлы Жаркент жерінен келген еріптестеріне бір ұлай ғана ұтылып, екіншітен жер сипап қалды, болмаса жүлде уыстарында түр еді. Кір тасын көтеруде Арғынбай Сейітов пен Асқар Матеев озық шығып, тиісінше 2-3-ші жүлделерді олжалады. Жолдасбай Әлімбетов пен Жоламан Дауытов та алғашқы алтылыққа еніп, спорттың осы түрінен команданың 2-ші орын алуына сүбелі үлестерін қосты. Армрестлингтен (қол күрестіруден) дзюдошы палуандардың жаттықтырушысы Ким Роберт барлық қарсыластарын қапы қалдырып, 1-ші орынды иеленді. Телекомдық Арғымбай Сейітов те серіктесінен қалыспай, өз қатарластарының ішінен суырылып шығып, 2-ші жүлдені қанжығасына байлады. Әмбебап спортшылар А.Матеев, Ж.Дауытов, Нұрғали Қынабаев та жүлде ауылына бір табан жақындап барып тоқтады. Түр-сипаттары мен күш-жігерлері еріксіз көз тарттыратын келісті әйелдер арасында сынаққа түскен Мәйкен Қалиахметова мен Гүлнәр Абдуллаева, сәйкесінше 2-ші, 3-ші орындарға табан тіреп, көпшілікті сүйсінтті. Құрбыларынан қалыспаған Сәжида Абылжанова да сынақтан сүрінбей өтіп, командаластарының 3-ші орын иегері

атануына көмегін тигізді. Тіс қаққан бапкер Александр Туляндін бастаған, Ерлік Ерболғанов пен Анар Байқонысова қостаған шахматшылар да көштен қалмай 4-ші межені бағындырды. Ал талай додада ысылып, тәжірбие жинақтаған Жұмағалы Байқенже сынды білікті маман тізгінін ұстаған дойбышылар құрамасы (Хасан Магомадов, Наталья Кукушкина) тізе



қоса қимылдап, 3-ші орынға қол жеткізді. Дегенмен басты сенсацияны волейболшы қыздарымыз жасады. Олар қарсылас біткенді қоғадай жапырып, финалда, уақытысында еліміздің жоғарғы лигасында бастарын бәйгеге тіккен Қарасай ауданының «сен түр, мен атайын» дейтін алпауыт ойыншыларына қарсы тұрып, жұлдызды бәсекелестерін жерге қаратты. Бұл кездесуде ешкім күтпеген нәтиже тіркелді. Бастапқы екі сет (кезең) тең аяқталып, шешуші үшінші партияда, жерлестеріміздің желпінгендері сондай, талай мәрте чемпиондық тәждің үлдегі мен бүлдесіне оранған қарасайлықтарды білгендерінен жаңылдырып, ойсырата ұтып кетті. Осылайша ала допты алақандарында ойнатқан қыздарымыз: Елена Брашкіна, Ирина Анциборенко, Галина Тен, Виктория Нарманбетова,

Валентина Волкова, Динара Хабарова, Гүлмира Сафинова және Елена Басалаева бас жүлде 1-ші орынды жеңіп алды. Үстел теннисінен өткен сайыста Бағлан Берлінбаев, Ренат Низамбеков, Галина Тен күш біріктіріп, 4-ші орынды қанағат тұтты. Президенттік көпсайыста (100 және 2000 метрге жүгіру, 50 метрге жүзу, граната лақтыру, бір орыннан тұрып секіру) жарыс жолына шыққан Рысты Дүйсенбаева 2-ші (күміс), Ержан Абдукаримов 3-ші (қола) жүлделерді қоржындарына салып, командалас жолдастары Ольга Кедрова, Бахтияр Шәріпбаев, Болғанбай Оспанжанов, Нұрғали Қанапияновты өрге сүйреді. Қорытындыда, топтары 6-шы орынға шықты. Суда жүзу тартысында Тайтілеу Сәрсенбекова, Людмила Николаева, Маржан Бурibaева, Айдын Раев, Рашид Ордабаев, Мұрат Тұнғатов, Ержан Абдукаримов, Алпанбай Дүйсенбаев мықты саналатын алты команданың қатарынан табылып, жанкүйерлерін қуантты. Спорт падишасы жеңіл атлетикада спринтлік қашықтық 100 метрге жүгіруде Б.Абдукаримов ұшқан күспен, соққан желмен жарыса зымырап, 1-ші орынды еншіледі. Берік ұзындыққа секіруде де ептілік танытып тұғырдың 3-ші сатысына көтерілді. Спорттың сан түрін меңгерген Рысты Дүйсенбаева да секіру мен жүгіруден алдына жан салмай, басқалардан жеке дара озып, 1-ші орынды ауыздықтады. Жайық Әлдибеков те жарыс көрігін қыздырып, 2-ші жүлде иегері атанды. 4 x 200 метрлік эстафетада Ж.Әлдибеков, Б.Оспанжанов, Е.Абдукаримов, Б.Шәріпбаев желдей есіп, мәреге 3-ші болып келді. Ядро лақтыруда Ержан Абдукаримов көзге түсіп, 3-ші жүлдені тақымына басты. Тоғызқұмалақта ойлы ойын үлгісін көрсеткен Жұмағалы Байқенже 3-ші орынды тізгіндеді. Жалпы командалық есепте 1-ші орын Талдықорған құрамасына бұйырса, 2-ші орын Қарасай ауданы спортшыларының еншісіне жазылды.

Жексенбек СУЛТАНБЕКОВ

Клим Шыныбекұлы Ешмағамбетов

2016 жылдың 30 - маусымында Қаратал ауданына танымал азамат, жас та болса ел ағасы болған Клим Шыныбекұлы Ешмағамбетов өмірден озды. Елі мен жері үшін адал туған арда азаматтың ауыр қазасы қараталдық жерлестерінің қабырғасын қайыстырып кеткені өте өкінішті.

Клим Шыныбекұлы 1958 жылдың 27 - қазанында бұрынғы Талдықорған облысы, Бөрлітөбе ауданына қарасты Алғазы ауылында балықшы отбасында дүниеге келген. Алғазы орта мектебін бітірісімен Талдықорған педагогикалық техникумына түсіп, 1979 жылы туған ауылы Қарақұмдағы мектепке мұғалім болып жұмысқа орналасады. Өмір өзі алға жетелеген жігерлі жігіт білімін ұштауға, ауылға, елге қызмет жасау үшін барын салады. Клим Шыныбекұлы «Алғазы балық» заводтың инженер – механик болып ауысады.

2000 жылы Балқаш – Алакөл бассейнінің балық

инспекциясына мемлекеттік қызметке орналасады. Сыртта жүрсе де елдің жағдайын, болашағын ойлап, Қарақұм ауылында «Алғазы балық» ЖШС-гін ашып, тікелей басшылық жасап, ауданның әлеуметтік экономикасының дамуына қомақты үлесін қосады.

2011 жылы өзі жеке кәсіпкерлікпен айналысып, ауылға наубайхана, дүкен ашып халыққа қызметін аямай, тер төгеді. Жан-жары Мәншүкпен отау құрып, алтын асықтай үш қызды тәрбиелеп өсірді. Алланың жазуына шара бар ма? Арыстай азаматынан қапыда айырылған Қаратал өңірі К.Ешмағамбетовтың отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңілі айтады. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын! Клим Шыныбекұлының жарқын бейнесі ауылдастарының есінде мәңгі сақталады.

Қызылбалық ауылдық округінің әкімдігі.



Қаратал ауданының әкімдігі және аудандық мәслихат Қаратал ауданының бетке ұстар азаматы, «Алғазы балық» ЖШС-ның бұрынғы директоры **ЕШМАҒАМБЕТОВ КЛИМ ШЫНЫБЕКҰЛЫНЫҢ** кенеттен қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Аудандық «Бастау» газеті білікті басшы, басылымның жанашыры **КЛИМ ШЫНЫБЕКҰЛЫНЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Ұзақ жылдар көгілдір Балқаштың қазынасын игерген, шалғайдағы Қарақұм ауылын көркейткен, Балық шаруашылығы саласының білікті маманы, Қаратал өңірінің жаны жайсаң, сыйлы азаматы «Алғазы балық» ЖШС-нің бұрынғы директоры

КЛИМ ШЫНЫБЕКҰЛЫ ЕШМАҒАМБЕТОВТЫҢ кенеттен қабырғаны қайыстырып, өмірден ерте озуына орай марқұмның отбасы мен ағайын-туыстарына, дос-жарандарына, қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз. **Есімін құрмет тұтып, қастерлейтін қаламгер, жанашыр аға-інілері, әпкелері: Астанадан Жанат, Несіп, Жекен, Алматыдан Жанат, Талдықорғаннан Әміре, Жұмахмет, Ришат, Үштөбеден Қараша, Жексенбек, Сарқыт, Сағира.**

Приглашаем посетить баню «Майра»

ДНИ РАБОТЫ: четверг, пятница, суббота, воскресенье с 10:00 до 22:00 часов.

ЦЕНА БИЛЕТА - 500 тенге. Детский до 3-х лет – 300 тг, для пенсионеров по четвергам и пятницам – 300 тенге.

САУНА (до 10 и более человек) работает ежедневно, круглосуточно. Цена 3000 тенге за 1 час.

УСЛУГИ ПРАЧЕЧНОЙ, МАССАЖ, ПИЛИНГ.

Тел. 4-14-92, 8-771-469-24-11.

Мы находимся по ул. Рыскулова.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

В соответствии с приказом № 4-3/177 от 27 февраля 2015 года Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан будут приниматься заявки от сельхозтоваропроизводителей на получение субсидий с 08 июля 2016 года.

Отдел сельскохозяйственного хозяйства

Еске алу

Қарашеңгел ауылының тұрғыны болған, ҰОС ардагері **Смағұл Бүлтбайұлының** өмірден өткеніне 16-маусымда 1 жыл болды. Жатқан жері жайлы, иманы жолдас болсын.

Алатаудай асқарым,
Нұрын шашқан ақ таңым.
Жыл өтті, әке, өзіңсіз,
Уақыт, неткен қас-қағым.

Ұрпаққа беріп жылуын,
Аман жүр бәрі қыздарың.
Көрмедің, әке, шара не,
Немерелеріңнің қызығын.

Үлгі еткен өзің ұлылық,
Жүректе мәңгі тұрады.
Бағыштаған бар жақын,
Қабыл болсын құраны!

Еске алушылар: қыздары – Роза, Гүлнар, Ділнар, жиендері.

16 шілде күні, сағат 12:00-де Қарашеңгел ауылы, Жамбыл көшесі №3 үйде өкеліміз Смағұл Бүлтбайұлының 1 жылдық асына құда-жекжат, туған-туыс, ауылдастарды шақырамыз.

Бастөбе ауылының тұрғыны болған аяулы қызымыз **Ертайқызы Гүлімнің** асыл бейнесі мәңгілік көз алдымызда. Сағынышпен еске аламыз. Топырағы торқа, жатқан жері жайлы, иманы жолдас болсын дейміз.



Алтын қызым, біз сені сағынамыз,
Еске аламыз, мұңайып, жабығамыз.
Пейіште шалқысыншы жаның енді,
Амал жоқ, Алла ісіне бағынамыз.

Басымызға ауыр мұң салдыңдағы,
Ағып түстің, жұлдыздай жандыңдағы.
Жанымыздың бөлшегі ең, кеттің ерте,
Жұмақ болсын өмірің алдыңдағы.

Өзің деп қабырғамыз сөгіледі
Еріксіз көз жасымыз төгіледі.
Иманың жолдас болсын, жаным қызым,
Жарық боп қабіріңнің төңірегі.

Еске алушылар: анасы, бауырлары-жеңгелері, туған-туыстары.

16 – шілде күні сағат 12:00-де «Қаратал» мейрамханасында болатын қызымыз Гүлімнің 1 жылдық асына құда-жекжат, туған-туыс, сыныптастарын, достарын, көрші-қолаң, ұжымын шақырамыз.

Үштөбе қаласының тұрғыны болған асқар таудай өкеліміз, сүйікті атамыз **Рахымжанов Кәрімжанның** өмірден өткеніне 25-шілдеде 1 жыл толады. Өкелімізді сағына еске аламыз. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа, иманы жолдас болсын дейміз.

Иман болсын сыңарыңыз,
Сөнбесін мәңгі шырағыңыз.
Ажалдан айла таппадың,
Жұмақта болсын тұрағыңыз.
Басыма салдың қараны,
Ішіме салдың жараны.
Жерім да менің қызылар,
Әкешім қайдан табылар.

Еске алушылар: балалары, немерелері, Сарбасовтар әулеті.

17-шілде күні, сағат 12:00-де «Қаратал» мейрамханасында берілетін өкеліміздің жылдық асына туған-туыс, құда-жекжат, дос-жарандарын, ауылдастарын, көршілерін шақырамыз.



Вот уже год, как не стало любимого мужа, папы, дедушки **Галанина Николая Алексеевича.**

Мы рано тебя потеряли,
Разлука с тобой тяжела.
Но образ твой светлый и милый,
В сердцах наших будет всегда.
Ушел от нас ты в мир иной,
Туда, откуда нет возврата.
Оставив память о себе,
Любовь, печаль и боль утраты.
Любим. Помним. Скорбим.

Жена, дети, внуки.

Жаңаталап ауылының тұрғыны болған ардақты қайным, балаларымның нағашысы **Шөкебаев Сәулебай Бөрібайұлының** өмірден өткеніне 40 күн толды. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын. Жан едің аңқылдаған асыл жанды, Сапарға оралмайтын кеттің мәңгі. Ұмытпай өзіңді әркез айта жүрер, Қамығып туыстарың артта қалды.

Еске алушылар: жездесі - Болат және жиендері.

